

"Биназар" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 9 шілде N 859. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.07.29. N 939 қаулысымен.

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 Заң күші бар Жарлығына, "Жекешелендіру объектілерін сату жөнінде жабық тендерлер өткізудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 қаңтардағы N 126 қаулысына сәйкес, төтенше жағдайларға пайдалану және мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік резервтерді сақтау және бірінші қажеттіліктегі заттармен және тамақ өнімдерімен толықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті бір апталық мерзімде "Биназар" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакеттерін заңмен белгіленген тәртіппен сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті тендер шарттарын орындау жөнінде өздеріне міндеттеме алған қатынасусшылар арасында "Биназар" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату жөнінде жабық тендер ұйымдастырсын және

өткізсін.

Тендер шарттарына төтенше жағдайлар жағдайында халық үшін және жалпы мемлекеттік шараларды жүргізу үшін бірінші қажеттіліктегі заттардың кемімейтін қорларын сақтау мен толықтыру жөніндегі міндеттемелер енгізілуге тиіс.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК